



**ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
THE KAZAKH ACADEMY OF SPORTS AND TOURISM**

КӘСІПҚОЙ СПОРТ ЖӘНЕ ЖЕКПЕ-ЖЕК ФАКУЛЬТЕТІ

КУРЕС және ҰСТ КАФЕДРАСЫ

**СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ ДАЯРЛЫҒЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР
тақырыбы бойынша дипломдық жұмыс**

5B010800 - «Дене шынықтыру және спорт»

білім беру бағдарламасы

Студент: Сағнаев Мирас Досжанұлы самбо

Ғылыми жетекші: ҚРЕСЖ Мықтыбаев Н.С.

Тақырыптың өзектілігі

- Қазақстандық және шетелдік жоғары білім берудің көпғасырлық дәстүрлері негізінде заманауи кәсіби жоғары мектеп үнемі жаңарып, даму үстінде. Сонымен қатар, заңнамалық -нормативтік негіздердің жетілуі болашақ маманды даярлаудың әдіснамасын, теориясы мен әдістемесін үнемі жаңартып тұруға ұмтылады.
- Көптеген зерттеуші-ғалымдардың пікіріне сүйенсек, кәсіби білім берудің дамуының заманауи кезеңі жоғары мектеп педагогикасының маман даярлаудағы тұлғаға бағытталған және технологиялық бетбұрысымен сипатталады.
- Осы тұста жоғары мектепте инновациялық технологияларды пайдалану студенттердің оқудағы белсенділігін арттырып, кәсіби өсуін қамтамасыз етуге, бәсекелестік ортасын дамытуға бағытталған стратегиялық ресурс болып табылады.

Осы тұста педагогикалық зерттеулер теориялары мен білім беру практикасы арасында **қарама-қайшылықтар** бар екенін көрсетеді:

- білім беру жүйесінде инновациялық іс-әрекеттің қажеттілігі мен жоғары оқу орны түлектерінің көпшілігінің оған дайын еместігі, білім беру мазмұнында шығармашылық іс-әрекет тәжірибесінің жеткіліксіздігі арасында;

- барлық деңгейдегі педагогикалық қызметкерлердің инновацияны ендіруге ынтасы мен оқу орны, өзінің тұратын аймағының жаңашылдыққа бейімдей алмауы арасында;

- Педагогикалық және ғылыми-педагогикалық мамандықтардың мәртебесінің төмендеуі және мектеп пен жоғары оқу орны педагогикалық ұжымдарын жаңарту қажеттілігі арасында.

Жоғарыда айтылғанның барлығы студенттердің кәсіби даярлығындағы инновациялық технологиялардың маңызына назар аудартады.

Зерттеу мақсаты: Студенттердің кәсіби даярлығындағы инновациялық технологиялардың теориялық негіздерін анықтап, әдістемесін әзірлеп, тиімділігін эксперимент арқылы тексеру.

Зерттеу нысаны: ЖОО біртұтас педагогикалық үрдіс.

Зерттеу пәні: Студенттердің кәсіби даярлығындағы инновациялық технологиялар.

Зерттеу міндеттері:

- Студенттердің кәсіби даярлығындағы инновациялық технологиялар мәселесі бойынша психологиялық-педагогикалық, арнайы әдебиеттерді талдау және мәселенің зерттелу жағдайын анықтау,
- «инновация» түсінігінің мәнін, құрылымын анықтау;
- Инновациялық технологиялар арқылы студенттердің кәсіби даярлығының компоненттерін, деңгейлерін анықтау;
- Студенттердің кәсіби даярлығын арттыруға бағытталған инновациялық технологияларды анықтап, тиімділігін тәжірибеде тексеру.

Зерттеудің болжамы:

Егер: Мотивациялық-құндылықтық, когнитивті- мазмұндық және рефлексивті-іс-әрекеттік компоненттері өзара байланыстағы инновациялық технологияларды пайдалану негізінде студенттердің кәсіби даярлығының көрсеткіштері мен деңгейлері анықталса, студенттердің кәсіби даярлығында инновациялық технологиялар мақсатты және тұрақты түрде жүзеге асырылса, студенттердің кәсіби даярлығында инновациялық технологиялардың кешені анықталса, **онда** инновациялық технологияларды пайдалану негізінде студенттердің кәсіби даярлығы болашақ маманды үнемі өзгермелі әлемде өмір сүруге үйретуді қамтамасыз етеді, **өйткені** тұлғаның шығармашылық ұмтылысты нормаға айналдыру арқылы инновациялық тәжірибені білу, өз білімін жетілдіру мақсатында инновациялық білім беру ресурстарын қолдану, жаңашыл ақпараттық қоғамға бейімделген,әрдайым өзгеріске ұмтылатын белсенді маман дамытуға мүмкіндік беріледі.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық мәні:

- білім берудегі инновация, инновациялық технологиялар мәселесі бойынша психологиялық-педагогикалық, арнайы әдебиеттер талданып, мәселенің зерттелу жағдайы анықталды,
- инновациялық технологиялар», «инновациялық технологияларды пайдалану негізінде студенттердің кәсіби даярлығы» түсініктерінің мәні, мазмұны анықталды;
- инновациялық технологияларды пайдалану негізінде студенттердің кәсіби даярлығының компоненттері мен көрсеткіштері анықталды
- инновациялық технологияларды пайдалану негізінде студенттердің кәсіби даярлығын ұйымдастырудың кешені анықталып, тиімділігі тәжірибеде тексерілді.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы:

- Білім берудегі инновация, инновациялық технологиялар мәселесі бойынша психологиялық-педагогикалық, арнайы әдебиеттер талданып, мәселенің зерттелу жағдайы анықталды,
- «инновациялық технологиялар», «инновациялық технологияларды пайдалану негізінде студенттердің кәсіби даярлығы» түсініктерінің мәні, мазмұны анықталды;
- инновациялық технологияларды пайдалану негізінде студенттердің кәсіби даярлығының компоненттері мен көрсеткіштері анықталды.

Зерттеудің қолданбалық маңызы:

- инновациялық технологиялар пайдалану негізінде студенттердің кәсіби даярлығын ұйымдастырудың кешені:
- **«Кәсіби табысқа жетелейтін қадамдар» практикумы**
- Электронды психодиагностикалық әдістемелер
- Кейс -стади технологиясы
- «Дене тәрбиесі-салауатты өмір салты» тақырыбында семинар, вебинар
- Ақпараттық -коммуникациялық технологиялар (googleapis.com, mindmeister.com, bubbl.us) әзірленіп, тиімділігін тәжірибеде тексерілді.
- Жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, электронды ресурстарды пайдалану жүзеге асырылды:

Зерттеу әдістері: зерттеу мәселесіне арналған диссертациялық жұмыстарды, философиялық, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерді; ғылыми мақалалар мен нормативті құжаттарды талдау-жинақтау; бақылау, интервью алу, сауалнама, оқытудың озат әрі жағымды тәжірибелерін талдап қорытындылау; оқу үрдісін модельдеу, абстракциялау; педагогикалық эксперимент; педагогикалық эксперимент нәтижелерін математикалық статистикалық әдістерімен өңдеу; эксперименттік жұмысты талдау және қорытындылау.

Зерттеудің әдіснамалық негіздері ретінде: жүйелі амалдың қағидалары мен тұжырымдамалары (П.К. Анохин [18], А.А. Богданов [19]); іс-әрекеттік амал қағидалары (Л.С. Выготский [20], А.Н. Леонтьев [21], С.Л. Рубинштейн [22]) қарастырылады.

Назарларыңызға рақмет.